Түркістан облысы
Шардара ауданы
Ш.Уәлиханов атындағы
жалпы орта мектебі

# Ашық сабақ

## Тақырыбы:
## " Елімнің мемлекеттік рәміздері"




1 "А" сынып

Сынып жетекші: Шуленова Ж.А.

2022-20203 оқу жылы

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі | |
| **Пәні:** | Дүниетану | |
| **Бөлім:** | Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Шуленова Ж.А. | |
| **Күні:** | 20.02.2023 ж | |
| **Сынып: 1 «А»** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | №22 сабақ. Елімнің мемлекеттік рәміздері | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату<br>1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Мемлекеттік рәміздердің не екенін білетін болады<br>Еліміздің Туын, Елтаңбасын, Гимнін ажыратып, сипаттауды үйренеді | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі// уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| *Сабақтың басы*<br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Өткенді пысықтау<br>7 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>*Сабақтың ортасы*<br>8 минут | Сәлемдесу<br>ҚР Мемлекеттік Гимнін орындалады.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру<br><br>Оқушыларды 4 топқа біріктіру.<br>1-топ: "Байрақ"<br>2-топ: "Қыран"<br>3-топ: "Шаңырақ"<br>4-топ: "Тұлпар"<br>Оқушыларды топ ережесімен таныстыру.<br><br>**«PPP» әдісінің алгоритмі**<br>1. ПРЕЗЕНТАЦИЯ (Таныстыру)<br>Оқушының сабаққа дайындық кезеңі<br>2. ПРАКТИКА (Тәжірибе)<br>Оқушының жұмыс жасауына мүмкіндік беру (белсендіру) кезеңі<br>3. ПРОДУКТ (Өнім)<br>Оқушының өнім ұсынатын (бекіту) кезеңі<br><br>**1- қадам оқушының білімін нақтылай түсуге ықпал етеді, сабақты түсінуіне мүмкіндік береді.**<br><br>Өткенді пысықтау<br>"Күн шуағы" ойыны<br>Тапсырма<br>"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында мәтін мен суреттерді пайдаланып кластер құрастыр.<br>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар:<br>1.Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>2.Қазақстан қандай мемлекет?<br>3.Қазақстан тәуелсіздігін қашан алды?<br>4.Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні қай күн?<br>5.Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы қалай аталады?<br>6.Еліміздің астанасы қай қала?<br>7.Қазақстан Республикасының қазіргі президенті кім?<br><br>Тәуелсіз Қазақстан 5 құрлықпен шекаралас болып шектеседі. | Барлығы бірге дуыстап айтады.<br><br><br><br><br><br>4 топқа бірігеді.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Дескриптор:<br>Берілген сұрақтарға жауап береді.<br>Жауабына сәйкес суреттерден кластер құрастырады. | Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырата алады.<br>Мемлекеттік рәміздердің не екенін біледі.<br>ҚБ: Жарайсыңдар!<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>ҚБ: Мақтау, мадақтау | ҚР Гимнің аудиожазбасы<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тақырыпты ашу<br>-Балалар, «рәміз» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Ендеше, балалар біздің бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы:<br>Елімнің мемлекеттік рәміздері.<br>Бүгінгі сабақтың мақсаты:<br>Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату;<br>тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу<br>Бүгінгі сабақта сендер Мемлекеттік рәміздердің не екенін білетін боласыңдар. Еліміздің Туын, Елтаңбасын, Гимнін өзге елдердің рәміздерінен ажыратып, сипаттауды үйренесіңдер. | Сұраққа жауап береді. | ҚБ: Мақтау, мадақтау | <br><br>Мемлекет-тік рәміздер суреттері<br> |
| | «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» тақырыбында бейнежазба көрсету.<br><br>-Балалар, бейнежазбадан не көріп білдіңдер?<br>-Мемлекеттік рәміздер дегеніміз не?<br>Тақырыпты тізбектеп оқу.<br>МТ.<br>Қазақстан-көпұлтты мемлекет.<br>Мұнда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады.<br>Республикамызда мемлекеттік тіл – қазақ тілі.<br>Мемлекеттік рәміздер-<br>Тұрақтылық пен Тәуелсіздіктің негізі<br>Қазақстан 1991 жылы егемен мемлекет ретінде тәуелсіздігін алғаннан кейін өзінің мемлекеттік рәміздерін қабылдады.<br>Ол 1992 жылдың 4 маусымында болған еді.<br>Ту, Елтаңба, Гимн – бұлар мемлекеттің бет-бейнесі. Олар халықтың бірлігін дәріптеп, елдің айрықша ерекшеліктерін көрсетеді.<br>Әлемде 200-дей мемлекет бар, олардың рәміздері қайталанбайды.<br>Рәміздердің авторларымен таныстыру. | Қазақстанның рәміздері туралы түсінік қалыптастыра-ды<br><br>Дескриптор:<br>Бейнежазба-дан көрген мәліметтерді айтады.<br>Әр топтан оқушылар тізбектеп оқиды. | ҚБ: Мақтау, мадақтау<br><br>ҚБ. Жарайсыңдар! | https://wwwyoutube.com/watch?v=TIVYDTXM5S<br> |
| | ФС<br>Елтаңба мен Туды қай жерлерде көресіңдер?<br>Гимн қандай кезде орындалады? | Сұрақтарға жауап береді | ҚБ. Мақтау, мадақтау | |
| Сергіту сәті<br>2 минут | Сергіту сәті<br>Тәуелсіз елдің ұраны әні | Барлығы бірге айтады. | | |
| 15 минут | **2-қадам оқушының білімін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді.**<br><br>Топтық жұмыс<br>1-топ: «Байрақ»<br>Қазақстан Республикасының картасын құрастырыңдар.<br>Қазақстан Республикасы туралы не білесіңдер? | Дескриптор:<br>ҚР картасын құрастырады<br>Тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелейді. | ҚБ: "Бас бармақ" әдісі арқылы топтық бағалау |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2-топ: «Шаңырақ»<br>Өздерің тұратын облыстың елтаңбасын табыңдар.<br>Түсі қандай? Елтаңбадағы бейнелер нені білдіреді? | Дескриптор:<br>Облыстың елтаңбасын табады.<br>Елтаңбаны сипаттайды. | | Суреттер |
| | 3-топ: «Қыран»<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын табыңдар.<br>ҚР Мемлекеттік Туын құрастырып, сипаттап айтыңдар.<br>Дала қыраны нені білдіреді деп ойлайсыңдар? | Дескриптор:<br>ҚР рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырата алады.<br>Рәміздерді құрастырып, сипаттайды.<br>Өз ойларын жеткізеді. | ҚБ: "Бас бармақ" әдісі арқылы топтық бағалау | |
| | 4-топ: «Тұлпар»<br>ҚР Мемлекеттік Елтаңбасын табыңдар.<br>Елтаңбаны құрастырып, басқа елдердің Елтаңбаларынан несімен ерекшеленетінін анықтаңдар.<br>Елтаңбада не себепті шаңырақ пен қанатты тұлпарлар бейнеленген?<br>Балалар, Отан туралы, рәміздер туралы тақпақтар білесіңдер ме? | Өздері білетін тақпақтарын айтады | ҚБ: Мақтау, мадақтау | Суреттер |
| | **3- қадам оқушының ұғымдарды бекіте отырып, нәтиже шығаруына (өнім ұсынуына) мүмкіндік береді.**<br>*Жеке жұмыс*<br>***Тапсырма***<br>1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгіле.<br><br> | Жеке жұмыс жасайды | ҚБ: Мақтау, мадақтау | Жұмыс парағы |
| | ***2. Қатесіз көшіріп жаз.***<br><br> | Дескриптор:<br>ҚР Мемлекеттік шекарасын белгілейді.<br>Сөйлемді қатесіз көшіріп жазады. | ҚБ: Мақтау, мадақтау | |
| *Сабақты қорыту* ... минут | Тапсырма<br>Берілген өлең жолдарынан Қазақстан Республикасы Гимнінің сөздерін анықта.<br>Қайда жүрсең атамекен,<br>Көкейіңде жатады екен...<br>* * *<br>Менің елім, менің елім,<br>Гүлің болып егілемін... | Дескриптор:<br>Екі өн сөздерін салыстырады.<br>Гимн сөздерін анықтайды. | ҚБ: Мақтау, мадақтау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Қорытындылау**<br>**Сөйлемдерді толықтыр**<br>1. **... маусым Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні.**<br>2. Қазақстанның Туы ... түсті.<br>3. Тудың ортасында ... сәулесін шашып тұр.<br>4. **Күннің төменгі жағында қалықтаған ... бейнеленген.**<br>5. Тудың шетінде ұлттық .... салынған.<br>6. Елтаңбаның ортасында отбасының белгісі - .... орналасқан.<br>7. **Шаңырақтың екі жағында .... бейнеленген.**<br>**Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз** Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.<br>Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу- елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты,салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады.<br>Қазақстан елі: Туымен-тұғырлы,<br>Елтаңбасымен-Еңселі<br>Әнұранымен айбатты! | Сөйлемді толықтырады. | ҚБ: Қол шапалақтау | https://wordwall.net/play/52825/201/ 199 |
| Кері байланыс 3 минут | «Қазақ батыры» әдісі<br>***Жасыл түс – өте жақсы түсіндім.***<br>***Сары түс – жақсы түсіндім.***<br>***Қызыл түс – әлі де іздену керек*** | Кері байланыс жасайды. | Өзін-өзі бағалайды. | Кері байланыс тақтасы |

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: ____________ Юсупова Ш.Ж.





